



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 “Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы” Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Шу ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 13 шілде сағат 11:00-де Ж.Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Шу ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 12.00-де болады.

Тасты ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 13 шілде сағат 15:00-де Абай атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Тасты ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де болады.

Қыземшек кентінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 14 шілде сағат 10:00-де Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Қыземшек кентінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 11:00-де өтеді.

Жуантөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 14 шілде сағат 15:00-де С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Жуантөбе ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де болады.



Президент комитет төрағасын қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменовті қабылдады. Кездесу барысында мемлекеттік қызмет саласындағы қазіргі үрдістер мен даму перспективалары талқыланды.

Президент Астана хабы мемлекеттік басқару жүйесін дамыту мәселелері бойынша сараптамалық тұрғыда маңызды қолдау көрсетіп отырғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев

мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту, билік өкілеттіктерін орталықсыздандыру және мемлекеттік органдар қызметіне жобалық әдісті белсенді енгізу арқылы әкімшілік реформаны тиімді жүзеге асыру маңызды екенін айтты.

Сонымен қатар кездесуде қоғамды одан әрі ұйыстыру, атап айтқанда, заң мен тәртіпті сақтау, кәсібилік және еңбек адамының рөлін арттыру секілді қиындықтарды қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылды.

Бұдан бөлек, Әлихан Байменов Президентке Дүниежүзілік тоғызқмалақ федерациясының жұмысы туралы мәлімет берді. Мемлекет басшысы ұлттық ойынымызды елімізде және шетелде одан әрі дәріптеу маңызды екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылы Қазақстанда өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын жоғары деңгейде ұйымдастыру қажеттігіне назар аударды.

Тоғыз банк таратылып жатыр

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі таратылып жатқан банктер туралы ақпарат ұсынды.

Агенттік өкілдері ұсынған мәліметке сәйкес, Қазақстанда тоғыз банк тарау кезеңінде тұр. Олар:

«Валют-транзит банк» (лицензияның күші жойылды – 2006 жылғы 26 желтоқсан, таратылуы – 2007 жылғы 1 наурыздан бастап);

Қазинвестбанк (лицензияны қайтарып алу – 2016 жылғы 27 желтоқсан, таратылуы – 2018 жылғы 24 қаңтардан бастап);

Delta Bank (лицензияны қайтарып алу – 2017 жылғы 3 қараша, таратуы – 2018 жылғы 25 сәуірден бастап);

Эксимбанк Қазақстан (лицензияны қайтарып алу – 2018 жылғы 28 тамыз, таратуы – 2019 жылғы 16 қаңтардан бастап);

«Астана Банкі» (лицензияның күші жойылды – 2018 жылғы 19 қыркүйек, таратылуы – 2019 жылғы 9 қаңтардан бастап);

Qazaq Bankі (лицензияны қайтарып алу – 2018 жылғы 28 тамыз, таратуы – 2018 жылғы 12 желтоқсаннан бастап);

Tengri Bank (лицензияны



қайтарып алу – 2020 жылғы 18 қыркүйек, таратылуы – 2021 жылғы 15 ақпаннан бастап);

AsiaCredit Bank (лицензияны қайтарып алу – 2021 жылғы 12 ақпан, таратуы – 2021 жылғы 22 шілдеден бастап);

CapitalBank Kazakhstan (лицензияны қайтарып алу – 021 ж. 25, таратуы – 2021 ж. 5 қазан).

Бұған дейін Ашық НҚА порталында ҚР кейбір заңнамалық актілеріне қаржы ұйымдарының қызметін реттеу және қаржылай қызметке тхтынушылардың құқығын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы құжат жарияланған. Құжат қаржы өнімдерін тұтынушылардың құқығын қорғауды күшейту мақсатында әзірленген.

«Созақ үні»-ақпарат.

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов XIII «ИННОПРОМ» халықаралық өнеркәсіптік көрмесіне қатысу үшін Ресей Федерациясының Екатеринбург қаласына жұмыс сапарымен барды. Үкімет басшысы ең алдымен қаладағы Қазақстанның Бас консулдығының ашылу рәсіміне қатысты.

Бас консулдық жұмысы Қазақстан Республикасының өңірлері мен кәсіпорындарының Ресей Федерациясы өңірлерімен сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын кеңейтуге, сондай-ақ тиісті консулдық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Жаңа дипломатиялық нысанның жұмысы Орал федералды округінің бүкіл аумағын, атап айтқанда Свердлов, Челябин, Қорған, Түмен облыстарын, сонымен қатар Пермь өлкесін қамтиды. Жалпы осы консулдық округтің аумағында 90 мыңнан астам қазақ, оның ішінде Қазақстаннан келген 7 мыңнан



Қазақстанның Бас консулдығы ашылды

астам студент бар.

Әкімшілік орталығы және ең үлкен қаласы Екатеринбург болып табылатын Орал федералды округі – Ресей Федерациясының қарқынды дамып келе жатқан өнеркәсіп, ғылым-білім, көлік-логистикалық және қаржы орталықтарының бірі. Мұнда ірі ғылыми және өндірістік бірлестіктер орналасқан. Өнеркәсіптік өндірістегі экономикалық қызметтің негізгі түрлері жоғары ғылыми-техникалық әлеуеті бар машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібі болып отыр.

Салтанатты рәсім кезінде Үкімет басшысы Әлихан Смайылов пен Свердлов облысының губернаторы Евгений Куйвашев қызыл лентаны қиып, артынша Бас консулдың гимнатын аралады.

Премьер-министрдің айтуынша, Оралдың қақ орталығында Бас консулдың ашылуы біздің достық қарым-қатынастарымыздың дамуына елеулі серпін береді.

Сонымен қатар Үкімет басшысы 10 жыл бұрын Екатеринбургте екі ел президенттері қол қойған XXI ғасырда тату көршілік пен одақтастық туралы шарт аясында стратегиялық әріптестікті одан әрі нығайту шаралары белсенді жалғасып келе жатқанын атап өтті.

«Бүгінде Қазақстанның облыстары мен қалаларының Ресей субъектілерінің көпшілігімен тұрақты диалог орнатылған. Бұл тұрғыда Орал аймағы географиялық жақындығы жағынан да, өнеркәсібі дамыған Свердлов, Қорған, Түмен, Челябин облыстарымен және Пермь өлкесімен қалыптасқан сауда-экономикалық байланыстар жағынан да өте маңызды», деді Әлихан Смайылов.

Сөз соңында Премьер-министр ҚР Бас консулдығы мемлекетаралық ынтымақтастықты дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынына сенім білдіріп, оның қызметкерлерінің жұмысына табыс тіледі.

Өткен жылдың 1 қыркүйегінде Мемлекет басшысы кезекті «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына жолдауы барысында бүкіл республика аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз етуде сервистік тәсілдерді енгізу тетіктерін масштабтау міндетін қойған болатын.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында ағымдағы жылдың басында Созақ ауданы әкімдігі жанынан қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде сервистік тәсілді енгізу жөнінде ве-



ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

домствоаралық топ құрылып, арнайы жұмыс жоспары мен жарғысы бекітілген.

Созақ ауданы бойынша жобалық топтың зерттеулер жүргізуі заманауи шетелдік аналитикалық құрал SAPA әдісінің бірінші кезеңі сканерлеу (мәселелерді анықтау және басымдық беру) учаскені картаға түсіру, халық арасында сауалнама тарату тапсырмалары то-

лықтай орындалды.

Созақ ауданы әкімдігі жанынан құрылған қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде сервистік тәсілді енгізу жөнінде ведомствоаралық топ жұмысының екінші кезеңі Талдау (мәселені зерттеу) мәселенің ауқымын, түсіндіру мақсатында Түркістан облысының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ведомство-

аралық топ менеджері Қанат Кокаршын Жолбарысханқызы Созақ ауданына арнайы келіп, Созақ ауданының қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ведомствоаралық топ мүшелеріне екінші кезең Талдауды кеңінен түсіндірді және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар туралы түсіндірме жүргізді.

"НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ" АТТЫ ІС-ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің психологының ұйымдастыруымен «Неке және отбасы» атты семинар-тренинг өткізілді.

Тренингтің мақсаты ата-ананың бала тәрбиесіндегі қарым-қатынасы, отбасының маңыздылығы туралы түсініктер беру және отбасы құндылықтарын жетік меңгертуге үлес қосу.

Іс-шара барысында түрлі сұрақтар қойылып, қызықты психологиялық тренингтер мен отбасы жағдайындағы мәселелер туралы жағдаяттар айтылып пікір алмасты. Соңында кері байланыс жасалды.

«Сөзақ үні» - ақпарат.

ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТАРЫ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ұласбек Сәдібеков ауданға іс-сапармен келіп, халықпен кездесті.

Сапар барысында алдымен тұрғындарды жеке қабылдап, мәселелерін тыңдады.

Қабылдауға аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, «Аманат» партиясы Созақ аудандық филиалының төрағасы Ернар Сағындық және аудандық мәслихат депутаттары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Тұрғындар білім сапасын арттыру, әлеуметтік және денсаулық сақтау саласы бойынша өтініштері мен ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Сондай-ақ аудандық мәслихат депутатта-



ры халық арасында жиі көтеріліп жүрген бірқатар мәселелерді алға тартып, сауалдарын жолдады.

Мәжіліс депутаты сала мамандарына аталған жағдайларды назарға алу керектігін тапсырып, туындаған мәселелерді Парламент қабырғасында көтеріп, тиісті министрліктерге жеткізетіндігін айтты.

Қабылдаудан соң, аудандық орталық емханада болып, жұмыс барысымен танысты. Онда тұрғындармен тілдесіп, қызмет көрсету сапасын бақылады. Сонымен қатар, аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде халықпен кездесіп, парламентте атқарылып жатқан жұмыстарымен бөлісті. Ондағы басты мақсат – жергілікті тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, өңірдегі өзекті мәселелермен мұқият танысып, барлық мәселелерді депутаттық сауал салу арқылы шешуге ықпал жасайтындығын атап өтті.

Сонымен қатар, ауданға Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты, Экономикалық реформа және Өңірлік даму комитетінің мүшесі Ерлан Әбдиев іс-сапармен келді.

Мәжіліс депутаты бірінші кезекте аудан орталығындағы Жастар ресурстық орталығында болып, жастармен кездесті. Жиын барысында парламентте атқарылып жатқан жұмыс-



тармен бөлісті. «Бастау Бизнес» жобасына қатысып, мемлекеттен грант алып, өз кәсібін ашқысы келетін бірқатар жас азаматтар көкейде жүрген сауалдарын жеткізді. Мәжіліс депутаты өз кезегінде жастар арасында жүріп жатқан мемлекеттік бағдарламаларды тарқата айтып, кәсіп ашамын деген азаматтарға көптеген қолдаулар болып жатқандығын тілге тиек етті.

Сонымен қатар, депутат «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында болып, онда мүгедектігі бар азаматтармен кездесті. Кездесу барысында бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелер көтеріліп, жиынға қатысушылар ұтымды ұсыныстарын ортаға салды.

ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Ерлан Тұрсынбайұлы айтылған ұсыныс-пікірлерді толықтай назарға алып, қойылған сұрақтар бойынша тиісті министрлікке депутаттық сауалдар жолданып, мәселелер көтерілетінін айтты.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылдың 23 шілдеге тағайындалған Құмкент, Шу ауылдық округтеріне әкім лауазымына тіркелген кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары және сайлаушылармен кездесу кестесі

Елді мекен атауы	Жиындар өтетін күні, уақыты	Жиындардың өтетін орындары
Құмкент ауылдық округі бойынша Құмкент а/о	11.07.2023 жыл сағат 11:00 де	№698 Құмкент учаскесі Құмкент ауылдық округі Құмкент ауылдық мәдениет үйі
Қызылкөл	13.07.2023 жыл сағат 10:00 де	№699 Қызылкөл учаскесі Қызылкөл елді мекені Қызылкөл ауылдық клубы
Қызылқанат	12.07.2023 жыл сағат 10:00 де	№700 Қызылқанат учаскесі Қызылқанат елді мекені «Маханбет» балабақшасы
Шу ауылдық округі бойынша Шу а/о	12.07.2023 жыл сағат 11:00 де	№719 Шу учаскесі, Шу ауылдық округі Ж.Қаламбаев атындағы жом мектебі

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

қ/с	Белгіленген орындар
1	Құмкент ауылдық округі, Құмкент ауылдық округінің орталығындағы тақта
2	Қызылкөлелді мекені, Қызылкөл елді мекенінің орталығындағы тақта
3	Қызылқанат елді мекені, Қызылқанат елді мекенінің орталығындағы тақта
1	Шу ауылдық округі бойынша Шу ауылдық округі, Шу ауылдық округінің орталығындағы тақта

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Жазғы-күзгі кезең тамақтан улану тұлғасынан ең қауіпті. Мұның себептері тағамды дұрыс сақтамаудан бастап қарапайым гигиеналық нормаларды сақтамауға дейін әр түрлі болуы мүмкін.

Тамақтан улану-бұл өткір ауру, әдетте ас қорыту бұзылыстарымен бірге жүреді. Оның себебі әртүрлі микроорганизмдердің, көбінесе бактериялардың тамақ өнімдерімен ағзаға енуі болуы мүмкін. Уланудың алғашқы белгілері сапасыз өнімдерді тұтынғаннан кейін жарты сағаттан кейін пайда болуы мүмкін, бірақ көбінесе – 4-6 сағаттан кейін, кейде – бір күннен кейін белгі беріп жатады.

Уланудың типтік белгілері: іш өту (нәжіс сулы, сасық, қорытылмаған тамақ қалдықтары), қатты жүрек айну, бірнеше рет құсу.

Сондай-ақ, әлсіздік, бас айналу, температураның жоғарылауы, қал-



Ауру астан

тырау, асқазанның ауырлығы немесе ауырсынуы, жазықтылық тән. Уланудың алдын алу үшін алдымен тамақтанар алдында қолыңызды жуу керек, барлық жидектер, көкөністер, жемістер мұқият жуылуы керек, оларды қайнаған сумен жуу да зиян тигізбейді. Қатаң тыйым салу шіріген, бүлінген жидектерді, көкөністер мен жемістерді пайдалану болуы керек. Сондай-ақ, лас ас үй раковинасы дәретханаға қарағанда көбірек микробтарды паналауы мүмкін екенін білуіңіз керек. Ылғал ыдыс сүлгілері мен тамшылар бактериялар үшін өте жақсы қоректік орта болып табылады. Сүлгілерді үнемі ауыстырып тұрыңыз, арнайы жуғыш заттарды қолданғаннан кейін раковинаны жуыңыз, жұмыс беттерін жуыңыз және құрғатыңыз. Біліңіз, бұл бөлшектеу тақтайшалары, тіпті пластикалық жинай алады бактериялар мен оларға орын көбейту үшін. Ыстық суды қолданғаннан кейін оларды жақсылап жуыңыз және әрдайым дайын және шикі өнімдер үшін әртүрлі тақталарды қолданыңыз. Тағамның түсіне, иісі мен дәміне назар аударыңыз. Жағымсыз шіріген иіс, қышқыл дәм, тілде шымшу туралы ескерту керек. Өнімнің бүлінгендігінің белгісі оның консистенциясының өзгеруі, оның бетінде шырыштың пайда болуы болуы мүмкін. Жоқ сожаланий выбрасывайте өнімдері, покрывшиеся шалған, вздутые консервілеу банкеттер мен пакеттер шырындарымен немесе кисломолочными өнімдерімен. Сатып алу кезінде өнімнің шығарылған күнін және сақтау мерзімін, қаптаманың тұтастығын тексеріңіз. Тоңазытқышта үнемі тексеру жүргізіңіз. Шикі ет пен балықты және дайын өнімдерді тоңазытқыштың бір бөлігінде сақтамаңыз жұмыртқаны сындырмас бұрын оны сабынмен жуыңыз. Болашаққа көп тамақ дайындамаңыз. Тоңазытқышта дайындалған тағамдарды үш күннен артық сақтауға болмайды. Сондай-ақ, мерекелік тағамдарда, әсіресе майонезбен, бірнеше сағаттан кейін денеден зиянды бактериялар пайда болуы мүмкін екенін білуіңіз керек және ешқашан ұмытпауыңыз керек.

Жоғарыда айтып өткеніміздей тағамнан улану және алдын алу бойынша өткен аптада Созақ аудандық санитариялық-гигиеналық бақылау басқармасының басшысы Х.Оспановтың бастауымен «Атамекен» ҰҚП қызметкерлері, бірқатар кәсіпкерлер және жергілікті БАҚ өкілдерінің қатысуымен «Тағамнан уланудың алдын алу» тақырыбында брифинг өтті.

Брифингті аудандық санитариялық-гигиеналық бақылау басқармасының басшысы Х.Оспанов ашып, қазіргі таңдағы өзекті мәселе болып отырған «Тағамнан улану және алдын алу» бойынша түсіндірме жұмы-

старын жүргізді. Іс-шараның негізгі мақсаты – аудан тұрғындарының арасында тағамнан уланудың тіркелуіне жол бермеу екендігі қоса айтылды.

Аудандық санитариялық-гигиеналық бақылау басқармасының басшысы Х.Оспанов өз сөзінде тағамнан уланудың алдын алу және болдырмау жөніндегі жүргізілетін іс-шаралар мен жалпы ережелерге тоқталып өтті.

«Тағамнан улану дегеніміз бұл табиғаты микробты және микробсыз болатын, ауру тудырушы микроорганизмдердің немесе олардың әр түрлі токсиндерімен және сонымен қатар улы заттармен ластанған тағамдарды қолдану салдарынан пайда болатын жедел инфекциялық ауру. Ең қауіптісі тағамдық токсикоинфекция және микробты табиғаттың интоксикациясы. Сапасыз азық-түлікті тамаққа қолдану кезінде, олар дұрыс дайындалмай және дұрыс сақталмаса тағамнан улану – тағамдық токсикоинфекция туындауы мүмкін. Түрлі микроорганизмдер-

болғаннан кейін мүмкіндігі бойынша бірден тамақтану; жаңа дайындалған тағамдарды кешегі дайындалған тағамдар қалдықтарымен араластырмау қажет, егерде дайын тағам ертеңгі күнге қалған жағдайда, оны пайдалану алдында мұқият термиялық өңдеуден өткізу қажет (қайнату немесе қуыру); шикі және піскен азық-түлік өнімдері арасындағы байланысқа жол бермеу; жеке бас гигиенасын қатаң түрде сақтау, қолды сабынмен жиі және мұқият жуу, әсіресе ас ішер алдында және дәретханадан кейін; қайнатылған, бөтелденген немесе сапалы, таза ауыз суды пайдалану; көкөністер мен жемістерді пайдаланар алдында үнемі ағымды сумен жуып пайдалану, ал балаларға қайнатылған сумен жуып беру; тез бұзылатын тағам түрлерін және дайын тағамды тоңазытқышта 2-6 С температурада сақтау; кремді-кондитерлік өнімдерді жарамдылық мерзімдері өткеннен кейін пайдаланбау; үйдегі қоқыстарды және тағам қалдықтарын уақытылы шығару; үнемі ас үйді та-



мен және токсиндермен жұқтырылған азық-түліктер. Жануарлардан алынатын өнімдер ең қауіпті болып табылады (ет, балық, шұжық, консервілер, сүт және одан жасалатын бұйымдар – кремді бар кондитерлік өнімдер, балмұздақ). Әсіресе уақталған ет — паштеттер, фарш, ірілдек оңай жұқтырылады. Тағамдық уланудың алғашқы белгілері тамақ ішкеннен кейін 2-4 сағаттан соң көрінуі мүмкін (кейбір жағдайларда 30 минуттан кейін), 20-26 сағаттан кейін де білінуі мүмкін. Көбінесе бұл токсиннің түріне және дозасына және адамның иммун жүйесінің жағдайына байланысты. Тамақтан улануды болдырмаудың бірнеше, яғни тағамдарды сақтау және дайындаудың қағидалары қауіпсіз азық-түлік өнімдерін таңдау; тамақты дұрыс дайындау; тағам дайын-

за ұстану және жеке бас гигиенасын сақтау болып табылады.

Үй жағдайында дайындалып, сатылымға шығатын тағам өнімдері жайына тоқталар болсақ, қазіргі таңда үй жағдайында тағам өнімдерін дайындайтын жасырын тағам өнімдерін өңдеу, дайындау, өндіру объектілері көптеп орын алуды. Бұл объектілердің өнімдерін тұтынуға кеңес бермейміз, себебі, қауіпсіздігін растайтын арнайы рұқсат құжаттары, яғни сертификаттары жоқ. Тек арнайы рұқсат құжаттары бар, сертификаттары бар, сақтау мерзімі аяқталмаған тағам өнімдерін тұтынуды ұсынамын.

Сонымен қатар, қандайда бір қоғамдық тамақтану орны болсын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы-

мен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын қатаң ұстану қажет. Сондай-ақ, қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру бойынша эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу керектігін және эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объект қызметінің басталғаны туралы хабарлама беру арқылы ғана өз қызметтерін заңдастыра алатынын айтып өткім келеді. Бұл құжаттарсыз қызмет атқарып отырған нысандар болса, заңсыз болып табылады және тағамнан улану жағдайларының тууына себепкер болады.

Улану – ағзаға қандайда бір жолмен түскен улы заттардың салдарынан болатын адамның күйі. Улану қатты және созылмалы болады. Біріншісі ең қауіпті, өйткені адамның ағзасына түскен көп мөлшердегі у өмірлік маңызды мүшелерді бұзуға кіріседі. Мұндай жағдайда ағзаға тез арада алғашқы көмек көрсету қажет. Отбасыңыздың бір мүшесінің, әріптес немесе жолаушының қатты улануы қалғанына күдігіңіз болса, тез арада «Жедел жәрдем» шақырыңыз, ал көршіңіз немесе үйдегі біреу ауырып қалса учаскелік дәрігерді шақырған жөн. Болмаса жәбірленушінің жақын маңдағы ауруханаға жеткізу шарасын жасаңыз. Дәрігер келгенше уақыт жоғалтпай, кез келген улану жағдайында адам ағзасынан улы шығару немесе у қайтаратын амалдарға кірісіңіз. Егер у тамақ арқылы түскен болса улы шығарудың ең тиімді жолы – асқазанды шаю. Ол үшін ауру адамға көп мөлшерде су беріп, тілдің тамырын саусақпен басу арқылы құсқанын қамтамасыз етіңіз. Егер жәбірленуші өзі мұны істей алмаса, көмектесіп жіберіңіз. Адам қандайда бір затпен уланғанда ғана асқазанды шаю керек, өйткені миокрад инфаркты, аппендицит және тағы басқа аурулардың да осындай белгілері болуы мүмкін. Бұл әсіресе қарт адамдарға қатысты. Егер сырқат басқа себептерден тууы мүмкін деген күдігіңіз бар болса, асқазан жуу процедурасы мен дәрі-дәрмектерді бермей тұра тұрған жөн, өйткені аурудың жағдайы одан бетер ушықтырып жіберу қаупі бар – деп сөзін қорытындылады аудандық санитариялық-гигиеналық бақылау басқармасының басшысы.

Жалпы айтқанда, тағамнан уланудың алдын алу үшін алдымен тамақтанар алдында қолыңызды жуу керек, барлық жидектер, көкөністер, жемістер мұқият жуылуы керек, оларды қайнаған сумен жуу да зиян тигізбейді. Шіріген, бүлінген жидектерді, көкөністер мен жемістерді пайдалану қатаң тыйым салыналы. Сондай-ақ, тағамның түсіне, иісі мен дәміне назар аударыңыз. Жағымсыз шіріген иіс, қышқыл дәм болса, тұтынудан бас тартыңыз. Өнімнің бүлінгендігінің белгісі оның консистенциясының өзгеруі, оның бетінде шырыштың пайда болуы болуы мүмкін. Сатып алу кезінде өнімнің шығарылған күнін және сақтау мерзімін, қаптаманың тұтастығын тексеріңіз. Тоңазытқышта үнемі тексеру жүргізіңіз. Шикі ет пен балықты және дайын өнімдерді тоңазытқыштың бір бөлігінде сақтамаңыз, көп тамақ дайындамаңыз. Тоңазытқышта дайындалған тағамдарды үш күннен артық сақтауға болмайды. Тауық еті мен куркетауық кез-келген басқа өнімге қарағанда көп уланудың себебі болып табылады, бұл өнімдерді дұрыс термиялық өңдеуден өткізген жөн. Осы қарапайым ережелерді сақтаңыз, сіз уланудан сенімді түрде аулақ бола аласыз. Өзін-өзі емдеумен айналыспаңыз, алғашқы белгілерде медициналық ұйымдардан көмек сұраңыз. Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз!

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Құмкент ауылдық округінің әкіміне үміткер ТОКМЕЙЛОВА УЛБАЛА НУРДИЛДАЕВНАНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Ең бірінші өзімнің күш-жігерімде туып- өскен өңірдің гүлденуі мен өркендеуіне арнаймын. Барлық жинаған тәжірибемді ел игілігіне, жұмсап, халықтың бірлігі мен ынтымағына жұмыс жасаймын.

Құмкент ауылдық округінің халқымен және жалпы әлеуметтік-саяси, экономикалық қарымдарымен таныспын.

Құмкент ауылдық округі әкімі ретінде халықпен, өндірісшілермен, кәсіпкерлермен бірлесе жұмыс істеу және ауыл өміріне белсене қатысу үшін өз бағдарламамды ұсынамын.

-Жұмыссыздық деңгейін барынша төмендету. Ол үшін әрбір бос орынға, ашылған жұмыс орындарына қатаң бақылау орнатып тек ауыл жастарын алу және жеңілдетілген несие беріп кәсіпкерлікпен айналасуға жағдай жасау.

-Атаулы әлеуметтік қолдау және шын мәнісінде, зәру жандарға, көп балалы, аз қамтамасыз етілген отбасылар, мүгедектерге көмек беруді игілікті және ізгілікті мақсаттар барысында тұрақты жүзеге асыру үшін нәтежелі жұмыстар жүргіземін.

-Жалғыздікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызымет көрсетуді ұйымдастыру, бала жасынан мүгедек жандарға демеушілер арқылы қолдау көрсетуді жүзеге асыру;

-Жастарды ауылға тарту және тұрақты жұмыспен қамту. Жұмыссыз, мамандығы жоқ жастарды кәсіптік оқуға жолдау, жұмыспен қамту; Жас мамандарды ауылға тарту мақсатында, «Дипломмен – ауылға» жобасының іске асуына мән беру

-Ауылдық округтегі жеке кәсіпкерлермен, шаруа қожалықтары, өндірістік кооперативпен, жауапкершілік шектеулі серіктестіктермен тығыз жұмыс жасау олардың жұмысын ұйымдастыруға, қолдау көрсетуге, кәсіпкерлік қызыметті дамыту үшін жеңілдетілген несие алуға жәрдемдесу;

-Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, кәсіпкерлікпен айналысам деуші тұрғындарға бағыт беріп, қолдау көрсету.

-Шаруа қожалықтарына арзандатылған жанар-жағар май, жеңілдетілген минералды тыңайтқыштар алуына көмек көрсету;

-Ауыз сумен қамтамасыз етудің санитарлық талабының мұқият сақталуын қамтамасыз ету;

-Елді мекендердің санитарлық тазалығына, көгалдандырылуына, көшелерге тас төгу, асфальттау және жарықтандырылуын, абаттандырылуын кезең-кезеңмен жоспарлау;

-Ауылдық округтегі елді мекендегі негізгі көшелерге автомобиль жолдарын және әлеуметтік нысандар орналасқан көшелерге жүргіншілер аяқ жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз ету;

-Келешекте газдандыру жұмыстарын жүргізуге дайындық үшін тұрғын үйлердің қажаттануын, мекен-жай тіркелімінің реттелуін ұйымдастыру;

-Ауылшаруашылық саласында қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың ауылдық округ аумағында іске асуына қолдау көрсету;

-Қауымдастық мүшелерін жергілікті өзін-өзі басқару саласына жұмылдыра отырып, ауылдың өркендеп дамуына, халықтың тұрмыстық жағдайының жақсара түсуіне бірге қол жеткізетін боламыз!

-ауылдағы медициналық қызметтің сапасын арттыру;

-ауылдың тазалығын сақтау жұмысын жақсарту;

Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!

Құрметті сайлаушылар!

Осы бағдарламамды жүзеге асыруға бар білімім мен тәжірибемді және күш – жігерімді жұмсаймын. Мемлекеттің дамуына, халықтың әл – ауқатының артуына өз үлесімді қосуды ел алдындағы азаматтық борышым деп санаймын. Оны ісіммен дәлелдеуге және мені қолдайтындарыңызға сенім білдіре отырып, Сіздердің отбасыларыңызға «Амандық, бақыт, береке» тілеймін!

**«Киелі құт мекенім - Туған жерім!»
Ауылдың өркендеуі - елдің өркендеуі**



Құмкент ауылдық округінің әкіміне үміткер Балықбаев Ерзат Орынбасарұлының САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Балықбаев Ерзат Орынбасарұлы 1971 жылы 27 ақпанда ОҚО, Созақ ауданы, Құмкент ауылында дүниеге келген. Ұлты-қазақ

Білімі: Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжін техник-электромеханик мамандығы бойынша бітірген. Жоғары білімін Халықаралық гуманитарлық техникалық университетін қызықтану мамандығы бойынша бітірген.

Отбасылы, жхбайы Жыңғылбаева Шынар Жарылқасынқызы.

Бір ұл, екі қызы бар.

Еңбек жолы:

1992-1994 «Құмкент» совхозы №1 фермаға қызылша егу звеносына жетекші болып қызмет атқарды

1994-2004 МТМ-ге механизатор болып еңбек етті;

2004-2006 №1 фермаға звено жетекші болып қызмет атқарды;

2006-2008 ТЖ шеберханасында электрик болып жұмыс істеді;

2012-2018 «Азиз» шаруа қожалығында атқарушы директор болып қызмет етті;

2023 жылдан бастап Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімшілігінде статист маман болып қызмет атқарып келеді.

Үміткер бағдарламасы:

1. Ауылдық округі әкімінің құзіретін пайдалана отырып, округ тұрғындарының жағдайын дамыту бағытында тұрақты жұмыс атқару;

2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жұмыс жасап, Жергілікті қауымдастық, Ардагерлер кеңесі, Жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамыта отырып, мемлекеттік басқарудан халықтық басқаруға қол жеткізу. Жергілікті жерде қоғамдық бақылауды енгізу арқылы ауылдағы ахуалға ауыл тұрғындарының ықпалын арттыруға қол жеткізу;

3. Төменгі пайызды несиелер арқылық шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;

4. Шаруа қожалықтары жұмысының уақыт талабына сай ұйымдастырылуын қадағалай отырып, мал басын көбейту, мал бордақылау алаңдарын ашып шаруашылықтың тиімділігін арттыру мақсатында кооперативтер құру;

5. Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын жандандыру. Аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау. Мұқтаж жандарға көмек көрсету;

6. Ауыл мәдениетінің дамуына, абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу;

7. Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет қызметкерлеріне қолдау көрсету;

8. Ауылдық округтің тұрғындарын сумен қамтамасыз етудің проблемалық мәселесін шешу;

9. Ауыл жастарының мәселелерімен айналысу, жастарды спортқа тарту бойынша жұмысты күшейту;

Ұстанымым: Ел игілі үшін, халықпен бірігіп қызмет ету!



Шу ауылдық округінің әкіміне үміткер КӘРІБАЕВ АМАНӘЛІ МЫРЗАТАЙҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы:

Кәрібаев Аманәлі Мырзатайұлы 1977 жылы 15 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Шу ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ.

Білімі жоғары. М.Әуезов атындағы ОҚМУ мәдени тынығу жұмысы және көркемдік шығармашылықты ұйымдастыру мамандығы бойынша бітірген.



Атқарылатын іс-шаралар:

Ауыл шаруашылығын, шаруа қожалықтарды, а/ш тауар өндіруші кооперацияларды және ауылшаруашылық өнімдерін жан-жақты өңдеуді мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру.

Экология. Ауылды көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын үнемі жүргізу.

Әлеуметтік қорғау. Мүгедектерге, зейнеткерлерге, ардагерлерге, тұрмысы төмен отбасыларға және көп балалы аналарға үнемі көмек көрсетіп, бақылауда ұстау.

Медициналық қызмет. Ауылдағы медициналық қызметтің сапасын арттыру.

Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жастармен үнемі жұмыс жүргізу. «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен ауылға жастарды шақырып, бос жұмыс орындарын ұсыну.

«Жұмыспен қамту», «Еңбек» мемлекеттік бағдарламалары бойынша жұмыстарды жүргізіп, ауыл халқының әлеуметтік жағдайын көтеру.

Еңбек жолы

1993-1998 ж.ж. М.Әуезов атындағы ОҚМУ мәдени тынығу жұмысы және көркемдік шығармашылықты ұйымдастыру мамандығы бойынша оқыды. Мәдени аңарту қызметкері, үрмелі және эстрадалық аспаптар оркестрінің жетекшісі-менеджер.

1998-2006 ж.ж. Созақ ауданы білім бөлімі Ж.Қаламбаев атындағы орта мектебі ән және музыка пәні мұғалімі болып қызмет етті.

2006-2014 ж.ж. Ж.Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметін атқарды.

2014-2019 ж.ж. Ж.Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет етті.

2014-2019 ж.ж. Ж.Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарып келеді.

Шу ауылдық округінің әкіміне үміткер ДОСЫМБЕКОВ ДАНИЯР МАКУЛБЕКОВИЧТИҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Досымбеков Данияр Макулбекович 1990 жылы 6 сәуірде Созақ ауданы, Шу ауылында дүниеге келген.

2008 жылы Ж.Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебін бітірген.

2012 жылы М.Тынышпаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясын «Көлік, көліктік техника және технологиялар» мамандығы бойынша аяқтаған.

2015 жылы Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университетін «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын 2008 жылы «Тағай Ата» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде бастаған.

2013 жылы «Altyn Adam Agency» ЖШС-іне геотехнологиялық алаң бақылаушысы.

2015 жылы «Катко» ЖШС БК геотехнологиялық алаң бақылаушысы.

24.10.2019 жылдан Созақ ауданы Шу ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келеді.



Құрметті Шу ауылының тұрғындары және халық қалаулылары!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 117 бабына сүйене отырып, және Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттер мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №55 жарлығына сәйкес, Шу ауылында жергілікті тұрғындармен болған жиында осы тұрғындармен ақылдаса келе аудан әкімі менің кандидатурамды ұсынды.

Мен үшін ең біріншіден әкім болу – дегеніміз ауылдың тұрғындарымен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, тұрмыс деңгейінің жоғарылауына, талап-тілектерінің орындалуына, ауылдың көркеюі жолында, халықтың бірлігі мен ынтымағы үшін адал қызмет ету. Осы қызметте мен өзімнің жеке секторда жиган тәжірибиемді және тың идеяларымды іске асыруға күш жұмсаймын. Менің осы сайлауда жеңіп әкімдік қызметке кірісер болсам атқаратын шаруаларым төмендегідей:

1. Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстау және күнделікті қажетті мәселелерді күн тәртібінен түсірмей шешуге атсалысу.

2. Ауыл тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстау.

3. Болашақ жастардың еншісінде екені бәрімізге мәлім және сол жас бұрын өкілі ретінде жастармен тығыз жұмыс жасаймын. Сол себепті, ауыл жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуларына, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қоғамға пайдалы іспен шұғылданып, мүмкіндігі шектеулі жандарды, ауылда тұрақтауына жағдай жасай отырып, ауыл халқының санын арттыруға, жұмыссыз азаматтардың мемлекеттік бағдарлама бойынша кәсіптік білім алуына күш жұмсау.

4. Уақыт талабына сай жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жұмыс жасап, Жергілікті қауымдастық, Ардагерлер кеңесі, Жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамытып, мемлекеттік басқаруға ауыл азаматтарының ықпалын және жауапкершілігін арттыруға қол жеткізу.

5. Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды, тыл ардагерлерін назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасау және шын зәру жандарға атаулы әлеуметтік көмектің нақты, уақытылы берілуін қадағалау.

6. Ауылдың санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыру бойынша жұмыс жасау.

7. Адам үшін басты капитал – білім. Осы тұрғыда ауылдағы білім беру ұйымдарымен үнемі байланыста болып, оқушылардың түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуларына, қызығушылығы бойынша үйірмелерге қатысуына жағдай жасау.

8. Мемлекеттің ауылшаруашылығын қолдауға бағытталған, оның ішінде «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» т.б. бағдарламалары бойынша тұрғындар арасында нақты түсіндірмелер жүргізіп, олардың осы бағдарламалардан өз сыбағаларын алу және мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығын іске асырғысы келетін азаматтарды қолдау, суармалы егістікті жандандыру бағытында жұмыстар атқару.

9. Ауылдағы кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарымен және осы ауылдан түлеп шыққан кәсіпкерлермен тығыз байланыста болып, ауылдың мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастыру. «Туған жерге тағзым» акциясын жандандырып жүзеге асыру бағытында жұмыстар жүргізу.

10. Ауылдағы су көздерін қол жетімді ету. Ескі артезиан ұңғымаларын жөндеу және күн энергиясымен жұмыс істейтін сорғыларды пайдалану сынды жаңа технологиялар арқылы ескі ресурстардың су өнімділігін арттыру.

11. Ауылдың көшелерін жарықтандыру жұмыстарын жалғастыру, ауылдың ішкі көшелерін асфальттауды және күл-қоқыс төгу полигонын жүйелі реттеуді қолға алу.

12. Жыл он екі ай балаларға арналған ойын алаңдарын қолжетімді болуы үшін жабық кешен ретінде жаңғырту.

**Елге қызмет ету -
нәтижеге бірге жету!**

Информация об экологической обстановке в селе Каракур, Сузакского района, Туркестанской области

Качество среды обитания человека определяется как совокупность условий, обеспечивающих или не обеспечивающих здоровье. Население нашего региона той или иной мере подвергается воздействию комплекса факторов антропогенного загрязнения окружающей среды. На долю факторов, связанных с качеством окружающей среды (экологическим факторам), по разным оценкам приходится от 10 до 57%.

Оценка качества среды осуществляется узловой задачей любых мероприятий в природоохранной сфере. Такая оценка возможна только на основе мониторинговых работ, а постоянное функционирование системы экомониторинга в свою очередь является неотъемлемой частью правильной организации управления качеством окружающей среды.

Для выполнения этой задачи по инициативе АО «СП «Ақбастау» ежегодно проводится экологический мониторинг состояния окружающей среды на территории села Каракур, расположенного в 75 км от района добычных работ Специализированной лабораторией отбираются пробы атмосферного воздуха, почвы и питьевой воды на соответствие экологическим и радиационным нормативам.

Представляем результаты исследований, проведенных в текущем 2023 году.

Оценка загрязнения атмосферного воздуха

Согласно предыдущим исследованиям загрязняющими веществами, которых необходимо проверять периодически, являются: взвешенные вещества (пыль, сажа), азот диоксид, азот оксид, углерод оксид, сера диоксид, пары серной кислоты. В мае 2023 года были проведены инструментальные замеры в селе Каракур по ул. Усенбая, дом №5 и возле водозабора. Инструментальные замеры проводились специалистами ТОО «LLPROYAL», результаты мониторинга воздуха представлены в следующей диаграмме:




Диаграмма №1. Результаты исследования воздуха села Каракур.

Как видно из диаграммы, пары серной кислоты и взвешенные вещества (пыль, сажа) не обнаружены в воздухе села Каракур, а остальные вещества (азот диоксид, азот оксид, сера диоксид) в разы меньше предельно допустимых концентраций ЗВ в воздухе.

Кроме инструментальных замеров в воздухе, проводились и замеры радиационного загрязнения села Каракур, так как Сузакский район является центром уранодобывающих предприятий.

Радиационное загрязнение связано с воздействием радиационного излучения на человека и окружающую среду. Объектами наблюдений при проведении радиационного мониторинга являются атмосферный воздух, почва, поверхностные и подземные воды.

Основной критерий, характеризующий степень радиоэкологической безопасности человека, это – мощность эффективной дозы гамма-излучения (внешнее облучение), которая не должна превышать мощность дозы на открытой местности более чем на 0,2 мкЗв/час согласно требованиям «Санитарно-эпидемиологические требования к радиационно-опасным объектам», утвержденного Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 25 августа 2022 года № ҚР ДСМ-90. Мощностью дозы на открытой местности является естественный радиационный фон, создаваемый космическими лучами и излучением природных радионуклидов. По измерениям фон на местности составил 0,03 и 0,07 мкЗв/час (эти показатели меньше показателей предыдущего 2022 года).

Ниже представлены диаграммы загрязненности объектов окружающей среды.

Оценка радиационной загрязненности почвы

п/н	Место проведения измерения	Допустимая мощность экспозиционной дозы, мкЗв/час	Измеренная мощность экспозиционной дозы, мкЗв/час на высоте от пола (грунта)
1	Водозабор	1,0 м	1,0 м
2	у дома по ул. Усенбая, д. №5	0,2	0,03
		0,2	0,07

После определения радиационного загрязнения были отобраны пробы в количестве – 2 шт. по 1 кг., были определены альфа- и бета-активность проб. Согласно результатам исследования, значения в почве не превышают утвержденных нормативов.

Как видно из таблицы №1, радиационное загрязнение почвы в селе Каракур в пределах допустимых значений.

Кроме радиационного мониторинга, были отобраны пробы почвы в селе Каракур для проведения химического анализа. По результатам которого, рН составляет 7,3-7,5, серная кислота (сульфаты) – 76,3-106,5 мг/кг, данные значения не превышают установленные нормативы согласно гигиеническим нормативам к безопасности среды обитания, утвержд. Приказом Министра здравоохранения РК от 21 апреля 2021 г. №ҚР ДСМ-32.

Для определения радиационного загрязнения водных объектов были отобраны пробы питьевой воды у дома №5 по улице Усенбая и у водозабора села Каракур.

ПДК для воды питьевого назначения по альфа-активности составляет 0,2 Бк/л, а бета-активность – 1,0 Бк/л. По результатам исследования воды питьевого назначения у воды водозабора альфа-активность составило – 0,089 Бк/л, бета активность – 0,076 Бк/л, у воды дома №5 – альфа-активность составило – 0,097 Бк/л, бета активность – 0,108 Бк/л.

Все исследования показывают, что радиационное воздействие по всем измерениям находится в пределах норм и соответствует требованиям санитарных правил и норм.

Таким образом, показатели состояния компонентов окружающей среды характеризуют радиоэкологическую обстановку в селе Каракур как удовлетворительную и допустимую.

По результатам экологического мониторинга в селе Каракур проведут собрание по информированию местного населения о результатах проведенной работы.

Проводимое мероприятие по информированию населения связано с обеспечением конституционных прав граждан, проживающих в местах расположения хозяйствующего субъекта, на своевременное получение достаточной и полной информации о состоянии окружающей среды.

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қарақұр ауылының экологиялық жағдайы туралы ақпарат

Адамның өмір сүру ортасының сапасы денсаулықты қамтамасыз ететін немесе қамтамасыз етпейтін жағдайлардың жиынтығы ретінде анықталады. Біздің аймақтың халқы қоршаған ортаның антропогендік ластану факторларының жиынтығына белгілі бір дәрежеде ұшырайды. Әртүрлі бағалаулар бойынша қоршаған ортаның сапасына байланысты факторлардың үлесі (экологиялық факторлар) 10-нан 57 пайызға дейін құрайды.


Қоршаған орта сапасын бағалау табиғатты қорғау саласындағы кез-келген іс-шаралардың басты міндеті болып табылады. Мұндай бағалау тек мониторингтік жұмыстар негізінде ғана мүмкін болады, ал экологиялық мониторинг жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі өз кезегінде қоршаған ортаның сапасын басқаруды тиісті ұйымдастырудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Бұл міндетті орындау үшін «Ақбастау БК» АҚ-ң бастамасымен өндіру жұмыстар аймағынан 75 шақырымда орналасқан Қарақұр ауылы аумағында жыл сайын мамыр айында қоршаған ортаның экологиялық мониторингі жүргізіледі. Атмосфералық ауаның, топырақтың және ауыз судың экологиялық және радиациялық нормаларға сәйкестігін анықтау үшін мамандандырылған зертханамен үлгілері алынады.

Ағымдағы 2023 жылы жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін ұсынамыз:

Атмосфералық ауаның ластануын бағалау

Алдыңғы зерттеулерге сәйкес, мезгіл-мезгіл тексеріп отыру керек ластаушы заттар: тоқтатылған заттар (шаң, күйе), азот диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, күкірт қышқылының буы. 2023 жылдың мамыр айында Қарақұр ауылында Учебная көшесі, №5 үйде және су қабылдағыштың жанында аспаптық өлшеулер жүргізілді. Аспаптық өлшеулерді «LLP ROYAL» ЖШС мамандары жүргізді, ауа мониторингінің нәтижелері келесі диаграммада көрсетілген:



№1 Диаграмма. Қарақұр ауылының ауасын зерттеу нәтижелері.

Диаграммадан көріп отырғанымыздай, Қарақұр ауылының ауасында күкірт қышқылының буы және қалқыма заттар (шаң, күйе) табылған жоқ, ал қалған заттар (азот диоксиді, азот оксиді, күкірт диоксиді) ауадағы ЗВ шекті рұқсат етілген концентрациясынан бірнеше есе аз.

Әуедегі аспаптық өлшеулерден басқа Қарақұр ауылының радиациялық ластануын өлшеу де жүргізілді, өйткені Созақ ауданы уран өндіруші кәсіпорындардың орталығы болып табылады.

Радиациялық ластану радиациялық сәулеленудің адамға және қоршаған ортаға әсерімен байланысты. Атмосфералық ауа, топырақ, жерүсті және жерасты сулары радиациялық мониторинг жүргізу кезіндегі бақылау объектілері болып табылады.

Адамның радиоэкологиялық қауіпсіздік дәрежесін сипаттайтын негізгі өлшем – бұл гамма-сәулеленудің тиімді дозасының қуаты (сыртқы сәулелену), ол 05.06.2015 ж. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бйрығымен бекітілген «радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» талаптарына сәйкес ашық жердегі дозаның қуатынан 0,2 мкЗв/сағаттан артық аспауы тиіс.. Ашық жердегі дозаның қуаты ғарыш сәулелері және табиғи радионуклидтердің сәулеленуі тудыратын табиғи радиациялық фон болып табылады. Жергілікті жердегі фон өлшемдері бойынша 0,03 және 0,07 мкЗв/сағ құрады (бұл көрсеткіштер алдыңғы 2022 жылғы көрсеткіштерден төмен).

Төменде қоршаған орта объектілерінің ластану диаграммалары берілген.

Топырақтың радиациялық ластануын бағалау

р/н	Өлшеу жүргізу орны	Экспозициялық дозаның рұқсат етілген қуаты, мкЗв/сағ	Экспозициялық дозаның өлшенген қуаты, мкЗв / сағ еденнен (топырақтан) биіктікте 1,0 м
1	Су қабылдағыш	1,0 м	1,0 м
2	Усенбай көшесі, №5 үйдің жанында	0,2	0,03
		0,2	0,07

Радиациялық ластануды анықтағаннан кейін 1 кг – нан 2 дана мөлшерінде сынамалар алынды, сынамалардың альфа - және бета-белсенділігі анықталды. Соған сәйкес топырақтағы мөндер бекітілген нормативтерден аспайды.

№1 кестеден көріп отырғанымыздай, Қарақұр ауылындағы топырақтың радиациялық ластануы рұқсат етілген мөндер шегінде.

Радиациялық мониторингтен басқа, Қарақұр ауылында химиялық талдау жүргізу үшін топырақ сынамалары алынды. Оның нәтижелері бойынша рН 7,3-7,5, күкірт қышқылы (сульфаттар) – 76,3-106,5 мг/кг құрайды, бұл мөндер тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне гигиеналық нормативтерге сәйкес белгіленген нормативтерден аспайды. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі №ҚР ДСМ-32 бйрығымен.

Су объектілерінің радиациялық ластануын анықтау үшін Усенбай көшесіндегі №5 үйден және Қарақұр ауылының су қоймасынан ауыз су сынамалары алынды.

Альфа-белсенділігі бойынша ауыз су үшін ШЖК 0,2 Бк/л, ал бета-белсенділігі-1,0 Бк/л құрайды, су қабылдағыштың суында ауыз су мақсатындағы суды зерттеу нәтижелері бойынша альфа-белсенділігі – 0,089 Бк/л, бета белсенділігі – 0,076 Бк/л, №5 үйдің суында – альфа-белсенділігі құрады-0,097 Бк/л, бета белсенділігі-0,108 Бк/л.

Барлық зерттеулер барлық өлшемдер бойынша радиациялық әсер нормалар шегінде және санитарлық ережелер мен нормалар талаптарына сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Осылайша, қоршаған орта компоненттерінің жай-күйінің көрсеткіштері Қарақұр ауылындағы радиоэкологиялық жағдайды қанағаттанарлық және қолайлы деп сипаттайды.

Экологиялық мониторинг нәтижелері бойынша Қарақұр ауылында жергілікті халықты жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы хабардар ету бойынша жиналыс өткізіледі.

Халықты ақпараттандыру бойынша өткізілетін іс-шара шаруашылық жүргізуші субъект орналасқан жерлерде тұратын азаматтардың қоршаған ортаның жай-күйі туралы жеткілікті және толық ақпарат алуға конституциялық құқықтары қамтамасыз етумен байланысты.

Қоғам дертімен күресейік!

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез-келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Жастардың алған білімдері оларды өмірде туындаған кез келген жемқорлық атаулымен кездестірмейтіндігіне сенгіміз келеді.

Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы!

Елдің болашағы – жас ұрпақтың қолында!

Мүрагер БИХАН,
Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының
бас маман заңгері.

ЖАНЫҒЫЗ ЖӘННАТТА ШАЛҚЫСЫН АСЫЛ АНА!

Ана... Жүрекке тым жақын, нәзік үн. Тұла бойынан адами асыл қасиеттердің бәрі табылған, жүрген жерін берекеге толтырып, отырған орнын қуанышқа кенелтіп жүретін, үлкенге де, кішіге де ізеті мен құрметі мен сыйын аямайтын Аяулы, Қадірлі Анамыз **Отаубайқызы Қулайша** 1937 жылы 10-маусымда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққұм ауылында дүниеге келген. Ақкөңіл, биязы мінезді, дархан көңіл, кең пейілді, ақ жүректі, жақсы қасиеттерге толы ерекше жаратылған жан еді. Әкесі Отаубай 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, ерлікпен қаза тапқан. Әкесінен ерте айрылған анамыз, жастайынан еңбекке араласып өмірдің тауқыметін көп тартқан.



Алтын құрсақты анамыздың тұла бойы тұнып тұрған адалдық, тазалық, еңбекқорлық қасиеттерінің бәрі кішкентайынан анасына көмекші болып еңбекке ерте араласқанынан дарыған болар.

Осындай көркем қасиеттер мен мінезі жібектей қайран Асыл ана, осы өмірде тататын тәз дәмнің таусылып, мәңгілік мекенге аттандыңыз. Аллаһ тағалам жәннаттің фирдаусын нәсіп етсін. Енді Сіздің рухыңызға арнап, тек құран бағыштаудан басқа амалымыз жоқ. «Жұмақтың кілті – ананың табанының астында» - деген қасиетті хадисте, бұл аналарға берілген ең лайықты баға. Асыл анамыздың бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

«Жаныңыз жәннатта болып, жаратқан иеміздің шапағатына бөленіп, нұрыңыз пейіштің төрінде шалқысын деп» Алладан рақым тілейміз.

**Ешқашан да ұмытпаймыз, ақжаулықты бейнеңді
Әрбір айтқан ақылың мен сырға толы сөзіңді,
Мейірімге толы жүрегің мен көзіңді,
Әрқашанда сағынышпен еске аламыз өзіңді!**

Асыл анамыздың 14- шілде күні қонақасы, 15- шілде күні сағат 12:00-де қырық күндік құранына шақырамыз, Шаймерден Бекжанұлы көш, 6 үй. Шолаққорған ауылында, өз шаңырағында өтеді.

Асқа шақырушылар: Дәуренбековтер әулеті.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2022-2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожаханов №15 мекен-жайында, 2023 жылдың шілде айының 19 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық СЭББ.

Жарамсыз деп танылсын

Отаубаев Берик Туякбаевичтің иелігіндегі «MERSEDES-BENS 230» маркалы автокөлігінің 663 FRB 13 мемлекеттік нөмірі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Органикалық ауылшаруашылығы, жалпы алғанда, ауылшаруашылық әдісі, бұл ауылшаруашылық өнімдерін өсіру және топырақ өңдеу кезінде ешқандай химикаттарға жатпайды, ал осы әдіспен алынған өнімдер органикалық өнімдер болып табылады. Органикалық ауылшаруашылығы топырақ құрылымын сақтау арқылы биоәртүрлілікті қолдайды, эрозияның алдын алады, қоршаған ортаның ластануын азайтады және топырақтың органикалық құрылымын бұзбай дақылдарды егуге мүмкіндік береді.

Органикалық өнім деп аталатын өнімнің әртүрлі өлшемдері бар. Органикалық шөптен жасалған өсімдіктер үшін жылдық өсімдіктер отырғызылған күннен бастап кемінде екі жыл өтуі керек. Жайылымдық және жемдік дақылдарда өнімді жемшөп

Органикалық өнім дегеніміз не?

ретінде қолданар алдында екі жыл өтпелі кезеңді қолдану керек, бірақ көпжылдық өсімдіктерде егін жинау басталғанға дейін үш жыл. Бұл өтпелі процестер мен бұл туралы барлық ақпаратты Азық-түлік, ауылшаруашылығы және мал шаруашылығы министрлігі анықтайды.

Органикалық өнімнің шынымен органикалық екенін түсіну тәсілі - сол өнімді сертификаттау. Шын мәнінде, бұл сертификат органикалық өнімді басқа өнімдерден ерекшелейтін маңызды ерекшеліктердің бірі болып табылады. Органикалық өнім міндетті түрде өнімге байланысты алғашқы отырғызу күнін, жиналған

күнін, шыққан жерін, өнімнің мазмұнын, өнімді өсіру үшін қолданылатын әдістерді және тағы басқаларды қамтиды.

Органикалық өнімдердің басқа органикалық емес өнімдерге қарағанда көбірек қоректік құндылығы бар ма? Бұл мәселе бойынша дәлелденген нақты ақпарат болмаса да, кейбір зерттеулерге сәйкес органикалық өсірілген жемістер мен көкөністерде басқа дәстүрлі ауылшаруашылық әдістерімен өсірілген басқа өнімдермен салыстырғанда С дәрумені, микроэлементтер мен антиоксидантты заттар көп. Көптеген ғылыми зерттеулерде органикалық

Объявление

ТОО СП «Будёновское», в соответствии с требованиями Экологического Кодекса РК, сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по теме:

1. Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях на Рабочий проект «Перерабатывающий комплекс производительностью 6000 тонн в год природного урана на участке 6-7 месторождения «Будёновское». Общественные слушания состоятся 17 августа 2023 года в 12:00 часов по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, в сельском клубе с.Бакырлы;

2. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/>, а также на сайте МИО «УПР и РП Туркестанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-resurstar/documents/1?lang=ru>

3. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3-х рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале ecoportal.kz, а также по e-mail info@spb.kazatomprom.kz

4. Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам 8 (7172) 45-83-33 вн. 20746, 8 (775) 677 62 35.

Хабарландыру

«Будёновское» БК ЖШС ҚР Экологиялық Кодексінің талаптарына сәйкес, ашық жиналыс түрінде келесі тақырыптар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды:

1. Жобаның атауы: «Будёновское» кен орнының 6-7 учаскесінде өнімділігі жылына 6000 тонна табиғи уранды қайта өңдеу кешені» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп береді. Қоғамдық тыңдау 2023 жылғы 17 тамыз, сағат 12:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Бақырлы ауылының ауылдық клубында өтеді;

2. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/>, сондай-ақ «Түркістан облысы ТР және ТПРБ» АҚДМ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> танысуға болады.

3. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда ecoportal.kz, сондай-ақ e-mail арқылы info@spb.kazatomprom.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

4. Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады 8 (727) 343-66-00 ішкі номері 20746, 8 (775) 677 62 35.

Хабарландыру

«Мангышлак-Мунай» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2023 жылғы 16 тамыз сағат 14:00 де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты мекен-жайында «Придорожное газ кен орнын игеру жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп» 01.01.2023-жыл жағдайына жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ ЖАО Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru> танысуға болады.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ a.shymabekova@ontustik.gov.kz пошталына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/7974357413?pwd=T2QrbE8vMU5iVIRTWiIiHcUjOVVpUT09>.

Идентификатор конференции: 797 435 7413 Код доступа: 0E6NRw

Қосымша ақпаратты мына эл. мекенжай бойынша алуға болады: akabylova@orm.kz және телефон 8(7292)544050-163.

Жоба тапсырушы «Маңғышлақ-мұнай» ЖШС, БСН031040006125, телефон +77051376286 - Кужумов С.

Жобаны әзірлеуші: «Оптимум» жобалау институты» ЖШС, БСН 000740000123, телефон +77027886287 - Кабылова А.

Объявление

ТОО «Мангышлак-Мунай» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает, что 16 августа 2023 года, в 14:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшек п.а., п.Кыземшек, Дом Культуры состоятся общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях к проекту разработки газового месторождения Придорожное» по состоянию на 01.01.2023.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>, а так же на официальном интернет-ресурсе МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а так же на эл. адрес: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера общественные слушания проводятся в онлайн - режиме. Активная ссылка провидимых общественных слушаний <https://us05web.zoom.us/j/7974357413?pwd=T2QrbE8vMU5iVIRTWiIiHcUjOVVpUT09>.

Идентификатор конференции: 797 435 7413 Код доступа: 0E6NRw

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: akabylova@orm.kz и по телефону 8(7292)544050-163.

Инициатор, намечаемый деятельности Заказчик: ТОО «Мангышлак-Мунай». БИН 031040006125, телефон +77051376286 - Кужумов С. Разработчик проекта: ТОО «Проектный институт «Оптимум», БИН 00074 0000123, телефон +77027886287-Кабылова А.

және органикалық емес өнімдер арасында тағамдық құндылықта ешқандай айырмашылық жоқ екендігі анықталды.

Органикалық өнімнің сертификаты қалай? Органикалық өнімнің сертификатталуы үшін Еуропалық Одақ стандарттарына және Азық-түлік, ауылшаруашылығы және мал шаруашылығы органикалық өнімдеріне сәйкес келесі шарттар болуы керек: Далалық инспекция туралы куәлік болуы керек. Фермерде органикалық өсімдік өсіру туралы білімі бар екендігі туралы анықтама болуы керек. Өнімде қолданылатын табиғи тыңайтқыштар мен пестицидтерді бақылау керек. Пайдаланылған тұқым тексерілуі керек. Өсірілген өнімге толық бақылау жасау керек.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Суға шомылу кезіндегі ережелер

-Тек қана суға шомылу үшін бөлінген жағажайлар мен орындарды пайдаланыңыздар.
-Қоршау белгілерінен әрі бармаңыздар, тыйым салынған орындарда суға шомылмаңыздар.
-Ата-аналар және балалар мекемелерінің жетекшілері! Балалардың қадағалаусыз шомылуына жол бермеңіздер!
-Мас күйде суға шомылуға тыйым салынады.
Суға шомылушыларға кеңес
-Суға абайлап кіріңіз. Денеңіздің суға бейімделуіне мүмкіндік беріңіз.
-Өзіңізді қалтырауға дейін жеткізбей, 10-15 минутқа дейін ғана шомылыңыз.
-Аяқ-қолыңыз тартылған жағдайда - сасқалақтамаңыз, су бетінде қалуға тырысыңыз және көмекке шақырыңыз.
-Жүзе білмесеңіз, белден жоғары тереңдікке бармаңыз.
-Суға жалғыз шомылмауға тырысыңыз.
-Мас күйде суға шомылуға болмайды.
-Ағысқа түсіп кеткен жағдайда ағысқа қарсы жүзбеңіздер, ағынды жағаға жақындауға пайдаланыңыздар.
-Иірімге түсіп кетсеңіз, үрейге бой алдырмаңыз, терең дем алып, су астына сүңгіңіз де, ағыспен су бетіне шығыңыз.
-Суда тентектіктерге жол бермеңіз. Апат туралы жалған дабыл бермеңіздер. Бір-бірлеріңізден көз жазып қалмаңыздар.
-Қыздырылған күйі суға кіруге және тамақ іше салып суға түсуге болмайды.
-Егер өзіңізді нашар сезінсеңіз, суға шомылуды дереу тоқтатыңыз.
-Үлкен толқындар кезінде шомылмаңыздар және таныс емес орындарда суға секірмеңіздер. Қайықтан, айлақтан және басқа су құрылыстарынан сүңгімеңіздер.
-Жағажай жағалауларымен айдындары ластамаңыздар. Өзіңізбен үй жануарларың аңелмеңіз.
-Шомылғанда автокөлік доңғалағы камерасың, тақташаны, допты, үрлемелі матрасты т.б. қолданбаңыздар. Сақтансаң құдай сақтайды деген абай болайық ағайын.

Мағжан ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.
Б.АЛИЕВ,
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Дала, орман өрттерінен сақ болайық!

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары бәрімізге белгілі, дала орман өрттері табиғи немесе жасанды болуы мүмкін. Табиғи дала орман өрттері найзағайдың әсерінен, күннің қатты яғни 45-50 Сқ ыстығының әсерінен құрғақ шөптердің өздігінен жануы мүмкін себебі олардың тұтану температурасы жоғары болады;
Жасанды дала орман өрттері адамдардың күнделікті өрт қауіпсіздік ережесін сақтамағандықтан пайда болатын өрттер. Адамдардың шылым шегіп толықтай сөндірмей тастап кеткенінің әсерінен, кішкентай балалардың сіріңкемен ойнау нәтижесінде пайда болуы мүмкін.
Сондықтан да 2022 жылы болуы мүмкін дала және орман-тоғай өрттерінің алдын алу мақсатында төмендегі іс-шараларды орындау қажет:
- Шаруа қожалық иелері өздерінің егістік алқаптарының айналасына минералды жолақтар жүргізуі қажет;
- Барлық ауыл шаруашылық техникалары ұшқын ұстағыштармен, екі дана өрт сөндіру құралдарымен (огнетушитель) жабдықталуы тиіс;
- Мал азығын даярлау, егін ору кезінде шаруа қожалық иелері бірігіп ортадан бір өрт сөндіруге арналған соқалы тракторды кезекшілікке қою қажет;
- Дала, орман өрттерінің алдын-алу шараларында, орманның аса өрт қауіпті аймақтарына адамдар мен техникалардың кіріп шығуына шектеу қоюға;
- Дала, орман өрттеріне қарсы өзара бірлескен іс-қимыл жоспарын жасап, орман қоры жерімен шекаралас аймақтарда өрт қауіпті маусымы кезінде ауыл округі бойынша ерікті өрт сөндіру жасақтарын ұйымдастырып, құрамы бекітіліп дайын болуы қажет;
- Ауыл әкімдіктеріне шекаралас орналасқан орман қоры жерлеріне өрт сөндіруге бейімделген және жанар-жағар маймен қамтамасыз етілген техникалар жасақталып дайындықта тұруы керек;
- Бидай немесе шөп ору науқанында желді күні ору жұмыстарын тоқтатуын қамтамасыз ету қажет;

Әлібек БАҚЫТБЕКҰЛЫ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау капитаны.
Б.АЛИЕВ,
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Ол жастайынан еңбекпен шыңдалып өсті. Уақытпен санаспай мақталық алқабынан көретін көпшілік оның табандылығына тәнті болатын. Қыз бала болса да ерлермен қатар жүріп жұмыс жасады. Соның арқасында республикаға, облысқа, ауданға танылды. Бүкіл ел есімін білді. Бұл- Манат қыз еді.

Шыр етіп дүниеге келген жері Бөген ауданы Қ.Спатаев атындағы кеңшар болатын-ды. Бұрын бұл елді мекен Көктөбе деп аталған. Осында өсіп, мектепті бітірді. Бойжеткен шағында құрбыларымен бірге романтика жетегімен трактор руліне отырады.



құшақтары гүлге толатын. Бәйге жеңімпазына қымбат көйлек, орамал сыйға тартылатын. Бұларға арнайы көркемөнерпаздар ұжымы келіп, концерт қоятын. Би кештері ұйымдастырылатын. Манат мұндай марапаттардың талайын алды. Марапат оларға үлкен мотивация еді. Жас желкілдеген бойжеткендерді бұл марапат жігерлендіретін. Анасы да мұның жетістігіне ерекше қуанып, бойын мақтаныш сезімі кернеп, "Алла ботамды тіл көзден сақта!" деп шүкіршілік ететін. Сол кездерде мақта өсіруден бұл ауданның даңқы гүрілдеп тұрған кез. Облыс басшысы да талай мәрте мақталық алқап-

Трактор тізгіндеген ару

Манат Күзенбайқызы көп балалы жанұяда өмір есігін ашты. Үлкен ағасы елу екінші жылғы. Одан кейінгі әпкесі елу төртінші жылғы. Өкінішке орай осы екеуі дүниеден озып кеткен. Одан кейін Манат пен тетелес інісі де қазір дүниеден озып кеткен. Алпыс екінші жылғы сіңілісі Жетісайға тұрмысқа шыққан. Қазір Шымкент қаласында тұрады. Мұғалім болып істеген. Зейнетке шыққан. Алпыс төртінші жылғы інісі Жезқазғанда тұрады. Кәсіпкерлікпен айналысады. Одан кейінгі сіңілісі Қарақұм кеңшарында, қара шаңырақта отыр. Оның есімі Мейірқұл. Айгүл деген сіңілісі де бар. Сосын Назира, Гүлзира деген қыздар осы отбасында дүниеге келген. Манат мектеп бітіретін жылы әжесі қатты ауырған. Сол себепті оқуға бара алмай қалған. Десе де Түркістандағы педучилищеге құжат тапсырып бағын сынады. Барлық емтиханды ойдағыдай тапсырады. Әйтседе конкурстан өте алмай қалады.

Ауылға келіп мақта шаруашылығында еңбек етеді. Кейін кәсіптік-техникалық училищеге түседі. Трактор жүргізуші мамандығын оқып бітіреді. Келе комбайнды тізгіндеді. Қасында қыздар да осы саланы қалайды. Сара Берді-

шоға, Сұлу, Қызылгүл деген қыздар бірге жұмыс атқарған. Осы аты аталған қыздармен тракторшылар бригадасын құрған. Әтіркүл, Жақсыгүл бірге болды. Жақсыгүл бұл кездері Манаттарға ұстаз болды. Қазақ ССР-на депутат болған кісі екен. Еңбегімен танымал, мамандығының қыры мен сырын меңгерген Жақсыгүл жастарға үйретуден жалықпайтын. Бұлар енді ғана трактор руліне отырып, техниканы тізгіндегеніне қуанып жүрген кезі.

Манат үнемі ойланатын сол білікті механизаторлар қатарына қосылып, техниканың құлағында ойнасам деп. Ол сол мақсатқа ұмтылды. Техника болған соң ақауланып қалады. Мұндайда Манат өзі ойланып, техниканың қай жерінде ақау бар екенін өзі анықтай қоятын.

Бұл кездері Манаттың көптеген құрбылары қалаға барып, оқуға түсіп келген. Студенттік күндері жайлы айтып мұны қызықтыратын. Бұл да ауылда қалып еңбек еткенін оларға мақтана айтатын. Мақталық алқапта жүріп өзінің болашағына үмітпен көз жүгіртетін.

Ол кездерде еңбек адамдарына деген құрмет ерекше болатын. Манат еңбек ететін бригаданың қыздары жиі марапатталатын. Мереке сайын

ты аралап, еңбек етіп жатқан қыздар бригадасының жұмысына сүйсінген. Өз қолымен бұларға сыйлықтар ұсынғандықтан. Мұның бәрін Манат әңгіме барысында айтты.

Кейін механизатор қыз осы еңбектерінің арқасында құрмет пен абыройға бөленді. Халық қалаулысы атанды. Бойжеткен, еңбекқор қызды Теріскейдің Қыдырәлісі ұнатып, шаңырақ көтерді.

Содан отбасы құрғаннан кейін Созақ ауданына келді. Қыдырәлі ағамызбен жұптасып өмір сүрді. Үйлі-жайлы болды. Ербол атты ұлы дүниеге келді. Ол есейіп, ер жетті. Оқу орны бітірді. Әуелі аудандық білім бөлімінде кейін аудан әкімдігінде қызмет атқарды. Қазір Ербол аудан әкімдігі экономика бөлімінде бас маман. Үйлі-жайлы келіншегі А.Сүлейменов атындағы орта мектебінде 10 жылдан астам уақыттан бері ұстаздық қызметте.

Жақында Манат жеңешем үлкен қуанышқа бөленді. Аудан әкімі Ерболдай ұлды тәрбиелеп, өсірген, үлгілі ана ретінде мадақтама Алғыс хат табыс етті.

Еңбегімен есейіп соның рахатына бөленген Манатқа немерелеріңіздің қызығына бөлене беріңіз дейміз.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Қарапайым еңбек адамының ерлігі

Осыдан біраз айлар бұрын Созақ ауылында тұрғын үйден өрт шығып, бір шаңырақ отқа оранған еді. Бұл жайында кезінде ақпарат құралдары айтқан болатын. Өрт Созақ ауылындағы Оспан Жүсіпов көшесіндегі тұрғын үйден шыққан тұғын. Осы оқиға оқиға кезінде үй иесі Аман Төребеков әбжіл қимылдап, ерлікке барып, лаулап жанып жатқан өрттен үйдің бірнеше адамдарын аман алып қалады. Қазір 81 жасқа келген Аман ағаның табан астында ше-

шім қабылдап, өртке оранған адамдарды дін аман сырқат алып шыққан. Ол жастайынан еңбек етіп, қара жұмысты маңдай төрін төккен. Кезінде кеңшарда жүгері егіп, звено жетекшісі болған. Жүгері дақылынан мол өнім алғаны үшін бірнеше мәрте халық шаруашылығы көрмелеріне қатысқан. Құмкенттік Асаубай Бәкіров екеуі ауданның мерейін республика көлемінде асқақтатқан. Қыста болған оқиға Созақтықтардың есінде. Сол кездегі Аманның жасаған

тірлігін ауыздарынан тастамай айтып жүр.

Өртенген үйдің орнына ауылдастар болып жиылып, судай жаңа үй салып берді. Бейбіт өмірдегі Аманның ерлік ісіне бүкіл ел тәнті болып, құрмет тұтып келеді.

Бұл оқиға жайындағы мәнжайды созақтық, еңбек ардагері Болат Ысқақов ағам жеткізіп еді.

Қиын кезде бір-біріне көмек қолын созып жәрдем берген созақтықтарға мың алғыс.

С.САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы:
Мақсат Қарғабай
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚЫТБАЕВ
Терішші-
Бағиана АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.